

"Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 ақпандары № 31 қаулысы. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 14 мамырдары № 90 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 14.05.2025 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Түркістан облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А.Ш. Жетпісбай

Е.А. Әлімқұлов

Е.Кенжеканұлы

Д. Сатыбалды

Б.Д. Тәжібаев
Қ.Ә. Қайыпбек
А.Б. Тасыбаев

Түркістан облысы әкімдігінің
2023 жылғы 21 ақпандағы
№ 31 қаулысына қосымша

"Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы **Ереже**

Ескеरту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 24.10.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Басқарма) өз өкілеттіктері шегінде Түркістан облысының аумағында мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылауы мен қадағалау, лицензиялау, аттестаттау және аккредитациялау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдары жоқ.
3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Зандағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.
6. Басқарманың мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болу құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті

мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен басқарма басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың штат санының құрылымы мен лимитін бекіту Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 20 ғимарат, индекс 161200.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың құрылтайшысы Түркістан облысының әкімдігі болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарма өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тaraу. Мемлекеттік органдың мақсаттары мен өкілеттіктері

14. Мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылым қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес, өз өкілеттіктері шегінде Түркістан облысының аумағында мемлекеттік сәulet-құрылым бақылауы мен қадағалау, лицензиялау, аттестаттау және аккредитациялау саласында басшылықты жүзеге асыру;

2) сәulet, қала құрылышы, құрылым, құрылым индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

сәulet, қала құрылышы және құрылым қызметі субъектілерінен Қазақстан Республикасының аумағында салынуы белгіленген және салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендер туралы ақпарат сұрау және алу;

техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардан танысу үшін осы құрылыш бойынша қажетті жобалау және атқарушылық

техникалық құжаттаманы, сондай-ақ тиісті жобалардың сараптама қорытындысын сұрату және олардан алу;

салынып жатқан объектілер конструкцияларының және қолданылатын құрылымдар мен конструкцияларының жобаның және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтердің талаптарына сәйкестігіне зертханалық сынақтар жүргізу үшін тәуелсіз зертханаларды тарту;

мемлекеттік нормативтерді бұзуға және (немесе) бекітілген жобалардан (жобалық шешімдерден) ауытқуға жол берілгендігі анықталған жағдайда мемлекеттік сәulet-құрылым инспекциясы жол берілген бұзушылықтарды тапсырысшының (құрылым салушының) және (немесе) мердігерлік құрылым-монтаждау ұйымының (кәсіпорнының) белгіленген мерзімде жоюы туралы нұсқама шығару;

нұсқаманың талаптарын орындаған жағдайда азаматтық және әкімшілік іс жүргізу тәртібінде нұсқаманың талабын мәжбүрлеп орындау туралы, нұсқаманың талабын орындағанға дейін қызметін тоқтату және тыйым салу;

"Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Заңына сәйкес, сәulet, қала құрылымы және құрылым қызметі саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және жүргізілген тексерістердің нәтижесі бойынша әкімшілік жазалауды колдану туралы қаулыны шығару;

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы" Заңында белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;

"Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексіне" сәйкес сотқа талап арызбен жүргіну;

өз құзыреті шегінде облыс әкімдігінің қаулыларының және (немесе) әкімнің шешімдерінің, өкімдерінің жобасын дайындауга қатысу;

белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдармен және ұйымдармен байланысты жүзеге асыруға, олардан Басқарманың қызметі үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды сұрату және алу;

комиссиялар мен жұмыс топтарының жұмысына қатысу;

құзырына кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдерді қабылдау;

Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылымы және құрылым қызметі саласындағы заңнамасында көзделген құқықтарды атқарады.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылымы және құрылым қызметі саласындағы заңнамасының нормаларын сақтау;

"Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексінде" белгіленген тәртіpte соттарда құқықтар мен мүдделерді қорғауды ұйымдастыру және талап-тілек қызметін жүзеге асыру;

Түркістан облысының аумағында лицензиялау мен аттестациялауды және аккредиттеуді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де мақсаттарды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау;

мемлекеттік гендерлік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сактау;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да міндеттерді атқарады.

16. Функциялары:

1) сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы субъектілердің қызметіне бақылауды және қадағалауды жүргізу;

2) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жүргізу;

3) объектілер құрылышының сапасына мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәulet-қала құрылышы тәртібін бұзушыларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

4) сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы лицензиялауды жүзеге асыру;

5) салынып (реконструкцияланып, кенейтіліп, жаңғыртылып, курделі жөндеуден өткізіліп) жатқан және пайдалануға берілген объектілерге мониторинг жүргізу;

6) сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы белгіленген заңнама нормаларын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, шарттар мен шектеулерді жол берілген бұзушылықтар мен ауытқуларға байланысты бұзушыларға көзделген заңнамалық шараларды қолдану туралы шешімдер қабылдау;

7) сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинириングтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттау;

8) жобалау құжаттамасының сапасына қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

9) тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

10) лицензиялық бақылауды жүзеге асыру, оның ішінде тексерудің нәтижесі бойынша лицензиялау нормаларын бұзушыларға тиісті шаралар қолдану;

11) сараптама жұмыстарын және инжинирингтік қызметтерді (электрондық тестілеуді) жүзеге асыруши сарапшыларды аттестаттау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу;

12) сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

13) "Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне" сәйкес тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу;

14) сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласында жүргізілген тексерістердің нәтижесі бойынша әкімшілік жазалауды қолдану туралы қаулыны шығару;

15) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 320-бабында көрсетілген шараларды іске асыруды қамтамасыз ету;

16) мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы және қадағалауы:

жер участкесіне тиісті құқықтың, бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының, жобалар сараптамасының оң қорытындысының бар-жоғына, құрылыш-монтаждау жұмыстарының жүргізіле бастағаны туралы хабарлануына;

хабарламада көрсетілген деректердің анықтығына;

лицензияланатын сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның бар-жоғына;

орындалған (орындалып жатқан) құрылыш-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын құрылыш материалдарының, бұйымдарының, конструкцияларының және жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге, оның ішінде тіреу және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкестігіне;

мердігердің (бас мердігердің) құрылыш сапасын өзіндік өндірістік бақылаудың және қадағалаудың барлық (кіру, операциялық, қабылдау, зертханалық, геодезиялық және басқа да) түрлері мен нысандарын ұйымдастыруы мен жүзеге асыруына;

атқарушылық құжаттаманың уақтылы және дұрыс ресімделуіне;

объектілерді салу кезінде тапсырыс берушінің (меншік иесінің) техникалық және авторлық қадағалауларды ұйымдастыруы мен жүзеге асыруына;

техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардың Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сактауына;

17) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3-тaraу. Мемлекеттік органның басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

17. Басқарманы басқаруды басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

18. Басқарманың басшысы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, басқарма басшысының лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

20. Басқарма басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарма қызметкерлерін қызметке тағайындейдьы және қызметтен босатады;

2) Басқарманың құрылымын, құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Басқарманың атынан өкілдік етеді;

5) бірінші қол қою құқығы бар;

6) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;

7) Басқарма қызметкерлері орындауы міндетті бүйректар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Басқарма қызметкерлерін көтермелей, материалдық көмек көрсету шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.